

Өзара есеп айырысудың және Еуропа Қауымдастығының Комиссиясы берген кредиттің орнын жабудың тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 23 маусым N 706. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.07.08. N 1092 қаулысымен.

"Фармация" мемлекеттік холдинг компаниясының Еуропа Қауымдастығының Комиссиясы бөлген кредиттің орнын жабуын қамтамасыз ету және өзара есеп айырысудың тетігін белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

Өзара есеп айырысудың және Қазақстан Республикасы алатын медикаменттерге Еуропа Қауымдастығының Комиссиясы берген кредиттің орнын жабудың қоса беріліп отырған тәртібі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 23 маусымдағы
N 706 қаулысымен
Бекітілген

Өзара есеп айырысудың және Қазақстан Республикасы
алатын медикаменттерге Еуропа Қауымдастығының
Комиссиясы берген кредиттің орнын жабудың
Тәртібі

1. Мемлекеттік сыртқы сауда компаниялары "Фармация" мемлекеттік холдинг компаниясының өтінімі негізінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тапсырысы бойынша шетел фирмаларын тендерлік іріктеу жолымен Қазақстан Республикасына медикаменттер беріп тұруға контракт жасасады.

2. Сыртқы сауда компаниялары республикаға келген жүкті кедендік ресімдеуді жүзеге асырады, есепшоттарды жазады және оларды келген барлық құжаттармен "Фармация" компаниясына береді, ал осы құжаттардың келесі данасын келіп түскен медикаменттерді есепке алу мен бақылау үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жібереді.

3. "Фармация" мемлекеттік холдинг компаниясы кеден құжаттары

ресімделген республика Ұлттық банкінің бағамы бойынша қайта есептелген ұлттық валютаның сыртқы саудадағы бағасына орай алынған тауарды кіріске енгізуді жүзеге асырады.

Тауарды өткізуден үкіметтік кредит есепшотына түскен ақша қаражаты түсімі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген мерзімде республикалық бюджеттің кірісіне енгізілуге жатады.

4. Қазақстан Әлем Банкі Еуропа Қауымдастығының Комиссиясымен жасалған кредиттік келісімнің бір көшірмесін барлық қосымшаларымен бірге Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне табыс етеді.

5. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Әлем Банкіне оның банктік және делдалдық шығынын Қазақстан Әлем Банкінің Бақылаушы кеңесі айқындаған мөлшерде өтейді.

6. Кредит сомасын және оны пайдаланғаны үшін процентті Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі валюталық қаражатты төлегенін растайтын құжаттардың көшірмесін кейіннен ұсына отырып Қазақстан Әлем Банкі табыс еткен есептеулерге сәйкес республикалық бюджет қаражатынан өтейді.